

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 353 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 тамызда № 2290 болып тіркелген. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 78 қаулысымен

**Ескертпе. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің
27.02.2015 ж. № 78 қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы
с а қ т а л ғ а н .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қордай ауданы бойынша 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

"Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аталған қаулы баспасөз беттерінде және жергілікті атқарушы органның интернет –ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бейкұт Тілебалдыұлы Жамангозовке жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы	Қ. Иманалиев
----------------------------------	--------------

Қордай ауданы әкімдігінің
2014 жылғы "27" маусымдағы
№ 353 қаулысына қосымша

Қордай ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі мекемелер	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
		Республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Жергілікті бюджет есебінен (теңге)	
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар						
1	Шағын орталықтар	1 4 6 8	2 1 7	1 2 6 3 0	12630	4 5 0 0
2	Балабақшалар	1 8 3 0	1230	2 0 9 3 8	20938	5 0 0 0
Мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдар						
1	Шағын орталықтар	1 3 0	0	6 3 1 5	0	0